


Калиев Б.К.

МЕХАНИЗМДЕР МЕН МАШИНАЛАР ТЕОРИЯСЫ

Қостанай, 2022



Қазақстан республикасының білім және ғылым министрлігі

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Машина жасау кафедрасы

Калиев Б.К.

МЕХАНИЗМДЕР МЕН МАШИНАЛАР ТЕОРИЯСЫ

Оқу-әдістемелік құралы

Қостанай, 2022 ж

УДК 621.01 (075.8)

ББК 34.4 я73

К 15

Авторы: Калиев Бейбит Кансбаевич, А.Айтмухамбетов атындағы инженерлік-техникалық институтының машина жасау кафедрасының аға оқытушысы.

Пікір берушілер:

Шаяхметов Амангельды Булатович – техника ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор, М. Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университетінің ғылым және инновация жөніндегі проректоры.

Жаналинов Базарбай Нургалиевич – техника ғылымының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, А.Айтмухамбетов атындағы инженерлік-техникалық институтының машина жасау кафедрасының доценті.

Салыков Булат Рахимжанович – техника ғылымының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, А.Айтмухамбетов атындағы инженерлік-техникалық институтының машина, трактор және автомобиль кафедрасының меңгерушісі.

Калиев Б.К.

К15 Механизмдер мен машиналар теориясы: Оқу-әдістемелік құралы. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, 2022. – 82 бет.

ISBN 978-601-356-134-9

Оқу-әдістемелік құралы құрымында зертханалық жұмыстардың тақырыбы, мақсаты, теориялық негіздері, қолданатын үлгілер мен құжаттары, тапсырыстармен тәртібі және бақылау сұрақтар берілген.

Зертханалық жұмыстарды орындауға арналған «Механизмдер мен машиналар теориясы» пәнінен оқу-әдістемелік құралы 6В07103 – «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» және 6В07105 – «Машина жасау» оқу бағдарламасы студенттеріне арналған.

ББК 34.4 я73

К15

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің оқу-әдістемелік кенесінде бекітілді және басылымға ұсынылды, 30.03.2022 ж. №2 хаттама

ISBN 978-601-356-134-9

© А. Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті

Мазмұны

Кіріспе	4
Зертханалық жұмыс №1	
Механизмдердің құрылымдық талдау.....	5
Зертханалық жұмыс №2	
Жазықты иінтіректі механизмді графикалық әдіспен кинематикалық зерттеу.....	18
Зертханалық жұмыс №3	
Жазықты иінтіректі механизмді графоаналитикалық әдіспен кинематикалық зерттеу.....	26
Зертханалық жұмыс №4	
Айналшықты – тиекті механизмді аналитикалық зерттеу.....	35
Зертханалық жұмыс №5	
Иінтіректі механизмді жобалау (синтездеу).....	40
Зертханалық жұмыс №6	
Жазықты иінтіректі механизмнің күш талдауы.....	44
Зертханалық жұмыс №7	
Жұдырықталы механизмнің кинематикалық талдау.....	53
Зертханалық жұмыс №8	
Цилиндрлі тісті іліністі жобалау.....	62
Зертханалық жұмыс №9	
Иірімекті іліністі жобалау.....	68
Зертханалық жұмыс №10	
Жедел әрекетті доңғалақты машинаның дифференциалын кинематикалық зерттеу.....	75
Қолданылған әдебиеттер тізімі	81
Қосымшалар	82

Кіріспе

Механизмдер мен машиналар теориясы (ММТ) ғылым саласын білідіреді, машинаның геометриясының элементерін және де олардың нақтыланған қолдануына қарамастан кинематика мен динамика механизмін бірге құрылысы зерттеледі.

Механизмдер мен машиналар теориясы машина құрылысында ең негізгі пәнге жатады. Мұнда жалпы механизмдерді зерттеу және жобалау тәсілдері қарастырылады соның ішінде:

- құрылымын зерттеу, буындардың орнын және нүктелерінің траекторияларын, жылдамдық пен үдеулерін табу;
- буындарына әсер ететін әр түрлі күштерді табу, қозғалыс заңдарын, энергиялық балансын зерттеу;
- машинаның жүріс жылдамдығын реттеу, инерция күштерін теңестіру.

ММТ-да машина дегеніміз - адамның физикалық және ақыл-ой еңбегін жеңілдету, оның сапасы мен өнімділігін арттыру мақсатында материалдардың немесе еңбек объектілерінің немесе ақпараттың энергиясын, қасиеттерін, мөлшерін, пішінін немесе жағдайын өзгертуге байланысты механикалық қозғалыстарды жүзеге асыратын техникалық құрылғы.

Сонымен осы пәнде қарастырылған жалпы анализ және синтез жасау тәсілдері келесі арнаулы пәндердегі машина мен механизмдерді жобалауға жол ашады. Зертханалық жұмыстың негізгі міндеттері: механизмдердің құрылымын, кинематикасын және динамикасын талдау (анализ); механизмдер сұлбасын жобалау (синтез); тісті механизмдердің эвольвентасын құру және жобалау.

Бұл оқу-әдістемелік құралы механизмдер мен машиналар теориясы бойынша дәріс материалына қосымша және механизмдер құрылымын зертханалық жұмыстарды орындауға арналған нұсқаулық болып табылады.

Зертханалық жұмыс №1

Тақырып: Механизмдердің құрылымдық талдау

Жұмыс мақсаты: Механизмдердің түрін, мақсатын, қолданылу саласын анықтау, кинематикалық жұптар мен кинематикалық тізбектердің түрлерін, механизмдердің пайда болу принципін зерттеу. Қозғалыс дәрежесін анықтау және механизм құрылымының формуласын құру.

1 Теориялық негіздері

Механизмдердің структурасы деген - пәннің бөлімі, олардың құрылымын зерттеуге арналған. Денелердің системасы, бір не бірнеше дененің қозғалыстарын басқа денелердің керекті қозғалысына ауыстыруға арналған болса *механизм* деп атайды. Денелердің байланысқан, қосылған немесе түйіскен жерлері, өзара салыстырмалы қозғалысқа мүмкіндік беретін, *кинематикалық жұп* деп аталады. Кинематикалық жұп құратын денелер *буын* деп аталады. Буын бір не бірнеше қабат қатаң байланысқан денелерден құралуы мүмкін. Түйіскен буындардың беттері, сызықтары, нүктелері кинематикалық жұптардың *элементтері*.

Буындардың салыстырмалы қозғалыста еркіндік дәрежесі бірден беске дейін болады. Геометриялық сипаты бойынша жұптарды *жоғарғы* және *төменгіге* бөледі. *Төменгі* жұптарда буындар бетпен, ал *жоғарғы* жұптарда сызық не нүктемен жанасады.

Төменгі жұптардың түрлері (кесте 3): айналмалы (а, е), ілгерлемелі (б), бұрандалы (д), шарлы (ж.з). Жоғарғы жұптар бір бірімен жаңасқан қисық контурларға ұқсайды, мәселен тісті берілістердің тістерінің (в), жұдырықшалы (г) және басқа механизмдерде.

Кинематикалық жұптар буындардың салыстырмалы қозғалыстарына шектеу келтіреді, демек байланыс саны бесеуден аспайды, өйткені алтау болса дене қозғалмайтын *тірекке* айналады. Сондықтан байланыс санына сәйкес кинематикалық жұптарды бес класқа бөледі. Мәселен, 3-ші сурет бойынша белгі P_5 – бесінші класты бір қозғалмалы (айналмалы немесе ілгерлемелі) кинематикалық жұп (а,б,д); P_4 – 4-ші класты екі қозғалмалы (в,г,е,ж), P_3 – 3-ші класты үш қозғалмалы (з).

Бір бірімен кинематикалық жұп арқылы байланысқан буындар жүйесін *кинематикалық тізбек* деп атайды. Олар кинематикалық жұптарша *жазықты* және *кеңістікті* болады. Жазықты егер буындардың нүктелерінің тракториялары бір-біріне параллелді жазықтықтарда жатса, ал қиылысса онда кеңістіктегіге жатады. Тізбектер *ашық* және *жабық*, *қарапайым* және *күрделі* түрлерге бөлінеді.

Жабық кинематикалық тізбектен механизм құрылады, құрамына қозғалмайтын буын-тірек, жетекші буын (буындар) және жетектегі буындар кіреді. Жетекші деген - ол алдын ала белгіленген заңмен қозғалатын буын.

Механизмде ол қозғалыс жетектегі буынның (буындардың) қажетті қозғалыстарына өзгертіледі.

Механизмнің қозғалыс дәрежесі қажетті жетекші буындар санын сипаттайды және төменгі теңдеулермен есептеледі:

- кеңістіктегі механизмнің Малышев формуласы

$$W=6n-5P_5-4P_4-3P_3-2P_2-P_1 \quad (1)$$

- жазықты механизмнің Чебышев формуласы

$$W=3n-2P_5-P_4 \quad (2)$$

- сыналы механизмнің

$$W=2n-P_5 \quad (3)$$

мұнда: n -қозғалмалы буындар саны;

P_1, P_2, P_3, P_4, P_5 – кинематикалық жұптар саны кластарына сәйкес.

2 Механизмдер құрылу принципі

Ассур Л.В. талдауы бойынша кез келген механизмнің құрылу принципі қозғалыс дәрежелері нөлге тең тізбектерді бос кинематикалық жұптарымен алдымен жетекші буынмен және тірекпен қосады, содан кейін басқа буындармен және тірекпен.

Кинематикалық тізбектер қозғалыс дәрежелері нөлге тең (егер бос жұптары тірекпен байланысса) *Ассур топтары* деп аталады. Олар статикалық шешілімді системаға жатады, өйткені ондай системаларды шешу үшін Даламбер принциптерін қолдануға болады, демек, системаға әсер өткен күштер не моменттер қосындысы нөлге теңеледі, яғни $\sum P_i=0, \sum M_i=0$.

Механизмдерді құрылымдық талдау. Механизмдерді құрылымдық талдау олардың құрылымдық ерекшеліктері бойынша да, құрылымдық принциптері бойынша да бөлінуін қарастырады.

Бұл тәсіл ұтымды, механизмнің қалыптасуымен, оның құрылымымен, кинематикалық және күштік талдау әдістерімен тығыз байланысты. Ол кинематикалық тізбектерді (құрылымдық топтар түрінде) бастапқы механизмге төсеу (қосу) арқылы механизмді құру принципіне негізделген. Сондықтан кез-келген механизмді құрылымдық топтар немесе Ассур топтары деп аталатын еркіндік дәрежелерінің саны $W = 0$ болатын соңғы кинематикалық тізбектерге оңай қосылу арқылы алуға болады.

Сонымен Ассур тобына жататын жазықты тізбектер келесі шартты орындайды:

$$W=3n-2P_5-P_4=0 \quad (4)$$

Егер $P_4=0$ болса, онда (4)-ші теңдеу түрі

$$W=3n-2P_5=0 \quad (5)$$

демек $3n=2P_5 \quad (5a)$

Яғни осы шарт орындалады, егер:

$$n=2, 4, 6\dots, \text{ ал } P_5=3,6,9$$


Осы жағдай Ассур тобын топтастыруға ыңғай береді (1-ші кесте).

Кесте 1 – Ассур топтастарының классификациясы


Ассур тобының класы		I	II	III	IV	V	VI	VII
Қозғалмалы буындар саны	n	1	2	4	6	8	10	12
5 – ші класты кинематикалық жұптар саны	P_5	1	3	6	9	12	15	18

Жетекші буынмен тіректі шартша 1-ші класқа жаттырады. Ассур топтарының түрлері 2-ші кестеде келтірілген.

Механизм класы ең жоғары топ класымен анықталады, кіретін механизм (сурет 1 және 2).



Сурет 1 – 1 буын, 1 кинематикалық жұп (буындардың бастапқы тобы):
 $n=1, P_5=1, I$ класс



Сурет 2 – 2 буын, 3 кинематикалық жұп:
 $n=2, P_5=3, II$ класс

Жоғары кинематикалық жұптарды ауыстыру. Жазық механизмдерде төменгі кинематикалық жұптардан басқа, жоғары класты кинематикалық жұптар кездеседі. Механизмге құрылымдық талдау жүргізу үшін (оны Ассур топтарына бөлу және механизм класын анықтау) жоғары кинематикалық жұптарды төменгі кинематикалық жұптарға ауыстыру қажет. Бұл жағдайда бастапқы механизм негізгі деп аталады, ал ауыстырудан кейінгі механизм алмастырушы деп аталады.

Жазық тетіктердің Ассур топтарына бөлу 5-класты жұптармен жүргізіледі. Жоғары жұптары бар механизмдер үшін біз 5-ші класты жұптары бар балама механизмдерді іздейміз, ал 4-ші класты жұпты қосымша бұынға және 5-ші класты жұпқа ауыстырамыз (кесте 4).

1. Ауыстыру принциптері (негізгі және ауыстырылатын механизмдердің эквиваленттілігі):

- негізгі және ауыстыратын бұындардың лездік қозғалысының кинематикасы бірдей болуы тиіс.


2. Ауыстыру реттілігі:

- жоғары жұптың (екі профильдің) байланыс нүктесінде біз қалыпты өткіземіз және осы профильдердің қисықтық орталықтарын іздейміз;


- қисықтық орталықтарына топсаға салып, қосымша сілтемемен қосамыз;

- топсалардың өздері негізгі байланыстарға орналастырылады.


Механизм құрылымын теңдеу арқылы сипаттауға болады. Ол үшін берілген кинематикалық сұлбадан алдымен ең соңғы қосылған II-ші класты Ассур тобы ізделеді, содан кейін басқалары жетекші бұынға дейін. Егер II-ші класты болмаса III-ші кластысын шығарады т.с.с. Мысал ретінде қарапайым механизмдерді қарастырайық.



Сурет 3 – Айналшақты – күйентелі механизм



Сурет 4 – Айналшақты-тиекті механизм



Сурет 5 – Кулисалы механизм

Механизмдердің қозғалыс дәрежесі сурет 3-5 осыған тең болады:

$$W = 3n - 2P_5 - P_4$$

$$\text{мұнда } n = 3 \quad P_5 = 4 \quad P_4 = 0$$
















$$W = 3 \cdot 3 - 2 \cdot 4 - 0 = 1$$

Механизмдердің құрылым теңдеуі:

$$I (0,1) \rightarrow II (2,3) \text{ механизмдер } II \text{-ші класты.}$$

Жалпы механизмнің класы қосылған ең жоғарғы класты Ассур тобымен белгіленеді. Егерде механизмде 4-ші класты (P_4) жұбы болса, онда теңдеуін құру үшін жоғарғы кинематикалық жұпты төменгімен ауыстыру қажет. Оның әдістері 4-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Ассур топтарының сұлбасы

Класы	Нышаны	Ассур топтарының сұлбалары					Реті
II							2
		1	2	3	4	5	
		Топтар түрі					
III	 <p data-bbox="247 913 391 1025">Үш жұпмен қосылатын буын</p>						3
							4
IV	 <p data-bbox="247 1346 391 1480">Төрт буынды жабық кескін</p>						2
							3
V	 <p data-bbox="247 1742 391 1854">Бес буынды жабық кескін</p>						3
							4

3 Қолданатын үлгілер және есептер

1. Механизмдердің үлгілері:

- а) іштен тұтанатын қозғалтқыш;
- б) V-тәрізді қозғалтқыш;
- в) конвейер;
- г) жонғыш станок;
- д) сабан нығыздағыш.

2. Шешуге арналған есептер осы зертханалық жұмыстың соңғы бетінде

4 Жұмысты орындау тәртібі

1. Кинематикалық жұптардың түрлерін, белгілеулерін және классификациясын оқып игеру (кесте 2).

2. Жоғарғы кинематикалық жұптарды төменгіге ауыстыруды үйрену (кесте 4).

3. Үлгілердің кинематикалық сұлбаларын құру, буындарын атап белгілеу және қалай жұмыс істейтіндерін сипаттау.

4. Төменде келтірілген барлық механизмдер сұлбаларына қозғалыс дәрежесін есептеңіз, құрылымдық талдау жасаңыз, механизм класын анықтаңыз.

5.Бақылау сұрақтар

1. Кинематикалық жұп деген не, олардың түрлері, классификациясы?

2. Кинематикалық тізбек деген не, олардың түрлері?

3. Жоғарғы кинематикалық жұптар төменгіге қалай ауыстырылады?

4. Механизм деген не, тізбектік еркіндік және механизмнің қозғалыс дәрежесі қалай есептеледі?













5. Ассур топтары, түрлері және классификациясы.

6. Механизмнің құрылымы, және класы.

Кесте 3 – Кинематикалық жұптардың топтастары


Жұп классы	саны	Еркіндік дәре- жесі	Жазықтық қозғалыстағы кинематикалық жұптар	Жұп классы	саны	Еркіндік дәре- жесі	Жазықтық қозғалыстағы кинематикалық жұптар
5	5	1		5	5	1	
5	5	1		4	4	2	
4	4	2		4	4	2	
4	4	2		3	3	3	

Кесте 4 – Жоғарғы жұптарды төменгіме аустыру мысалдары


Механизмдер	Төменгі жұптардың механизмдер сұлбасы	Жоғарғы жұптардың эквивалентты механизмдер сұлбасы
Синусты	 <p>A diagram showing a crank (1) pivoted at the bottom left, connected to a slider (2) that moves vertically. The slider is connected to a horizontal guide (3) that moves horizontally. Angular velocity ω_1 is shown for the crank, and linear velocity V_3 is shown for the guide.</p>	 <p>An equivalent mechanism where the slider (2) is replaced by a roller (2) in contact with the horizontal guide (3). The crank (1) is pivoted at the bottom left. Angular velocity ω_1 is shown for the crank, and linear velocity V_2 is shown for the guide.</p>
Тангенсті	 <p>A diagram showing a crank (1) pivoted at the bottom left, connected to a slider (2) that moves vertically. The slider is connected to a horizontal guide (3) that moves horizontally. Angular velocity ω_1 is shown for the crank, and linear velocity V_3 is shown for the guide.</p>	 <p>An equivalent mechanism where the slider (2) is replaced by a roller (2) in contact with the horizontal guide (3). The crank (1) is pivoted at the bottom left. Angular velocity ω_1 is shown for the crank, and linear velocity V_2 is shown for the guide.</p>
Секансты	 <p>A diagram showing a crank (1) pivoted at the bottom left, connected to a slider (2) that moves vertically. The slider is connected to a horizontal guide (3) that moves horizontally. Angular velocity ω_1 is shown for the crank, and linear velocity V_3 is shown for the guide.</p>	 <p>An equivalent mechanism where the slider (2) is replaced by a roller (2) in contact with the horizontal guide (3). The crank (1) is pivoted at the bottom left. Angular velocity ω_1 is shown for the crank, and linear velocity V_2 is shown for the guide.</p>
Айналшақты-тиекті	 <p>A diagram showing a crank (1) pivoted at the bottom left, connected to a slider (2) that moves vertically. The slider is connected to a horizontal guide (3) that moves horizontally. Angular velocity ω_1 is shown for the crank, and linear velocity V_3 is shown for the guide.</p>	 <p>An equivalent mechanism where the slider (2) is replaced by a roller (2) in contact with the horizontal guide (3). The crank (1) is pivoted at the bottom left. Angular velocity ω_1 is shown for the crank, and linear velocity V_2 is shown for the guide.</p>
Топсалы төрт буын	 <p>A diagram showing a four-bar linkage with joints at the bottom left and bottom right. The crank (1) has angular velocity ω_1, and the output link (3) has angular velocity ω_3.</p>	 <p>An equivalent mechanism where the joint between links 1 and 2 is replaced by a roller (2) in contact with a curved guide. The crank (1) has angular velocity ω_1, and the output link (2) has angular velocity ω_2.</p>
Кулисты	 <p>A diagram showing a crank (1) pivoted at the bottom left, connected to a slider (2) that moves vertically. The slider is connected to a crank (3) pivoted at the bottom right. Angular velocity ω_1 is shown for the first crank, and ω_3 is shown for the second crank.</p>	 <p>An equivalent mechanism where the slider (2) is replaced by a roller (2) in contact with a guide. The crank (1) has angular velocity ω_1, and the output crank (2) has angular velocity ω_2.</p>

Шығаруға арналған есептер:


1. Конвейер механизмі




2. Жонғыш станостың механизмі.




3. Планетарлы механизм.




4. Дифференциалды механизм.



5. Жұдырықшалы механизмдер




a)




б)


6. Қапқаты жылжытатын механизм.




7. Қапқаты жылжытатын механизм.




8. Қысқыш механизм.




9. Итергіш механизмі




10. Сорғыш станция механизмі




11. Тегістеу механизмі




12. Араластыру механизмі




13. Сорғыш механизмі




14. Кескіш механизмі




15. Жұдырықшалы итергіші




16. Итергіш механизмі



17. Сорғыш станциясы



18. Күрделі механизмі



Зертханалық жұмыс №2

Тақырып: Жазықты иінтіректі механизмді графикалық әдіспен кинематикалық зерттеу

Жұмыс мақсаты: механизмдердің кинематикалық анализін графикалық әдіспен зерттеуге жаттығу.


1 Жазықты механизмдердің жалпы кинематикалық анализдеу негіздері

Механизмдердің жетектегі жұмыс атқаратын звеносының қозғалыс заңдарын жетекші звеноның орындарына байланысты жақсы көрсететін графикалық диаграммалар:

- қозғалыстың $s = f(\varphi)$
- жылдамдықтың $V = f(\varphi)$
- үдеудің $a = f(\varphi)$,


мұнда φ – жетекші буының бұрыштық орны

Айналшақты - тиекті механизмнің 3-ші тиегінің (В нүктесінің) қозғалыс диаграммасын $s = f(\varphi)$ салуын қарастырайық (сурет 6). Мұнда механизмнің сұлбасы μ_l масштабымен салынған, берілген буындардың мөлшерлері бойынша (l_{OA} , l_{AB}) және осі у-у айналшақтың айналу өсінен өтетін жағдайда, демек эксцентриситеті $e=0$.



Сурет 6 – Механизмнің тиегінің қозғалыс диаграммасын салуға қолданған сұлбасы

Алдымен айналшақтың A_0 және оған сәйкес тиектің ең төменгі орнын B_0 деп белгілейік. Осыдан айналшақтың бір айналымын әр 30° сайын A_i нүктелеріне сәйкес тиектің B_i нүктелерін у-у осі бойынша белгілейміз. Сонда B_0 B_6 тиектің қозғалыс қарқыны S_{max} болады. Әр қозғалыс S_i мөлшерін айналшақтың A_i орындарына сәйкес абцисса бойынша алынған ординаталарын белгілейміз циркульді қолданып (сурет 7).



Сурет 7 – Қозғалыс диаграмманы құру

Табылған нүктелерді $(0, 1', 2', \dots, 11', 12)$ қалыпты қисықпен қосамыз, сонда $S_B = f(\varphi)$ байланысы шығады.

Қозғалыс масштабы $\mu_s = \mu_l$, өзара сұлбаны салу масштабы:

$$\mu_l = \frac{l_{OA}}{|l_{OA}|} \left(\frac{m}{mm} \right), \quad (6)$$

мұнда: l_{OA} - айналшақтың ұзындығы, м (тапсырма бойынша)

$|l_{OA}|$ - айналшақтың сызбада алынған ұзындығы, 20...40 мм.

Ал шатун буынның сызбада сызылатын ұзындығы осы формула арқылы шешіледі:

$$|l_{AB}| = \frac{l_{AB}}{\mu_l} (mm) \quad (7)$$

мұнда: l_{AB} шатун ұзындығы, м;

Айналшақтың бұрылу бұрышының масштабы абцисса бойынша

$$\mu_\varphi = \frac{2\pi}{|2\pi|} \left(\frac{1}{mm} \right) \quad (8)$$

мұнда $|2\pi|$ – айналшақтың A_i нүктелерінің 12 орындарына сәйкес абцисса өсінің ұзындығы, мм.

2 Графикалық дифференциалдау

V нүктенің қозғалысының бірінші туындысы уақыт не айналшақтың бұрыштық қозғалысы φ бойынша жылдамдық болады, демек:


$$V_B = \frac{ds}{dt} = \frac{ds_i}{d\varphi_i} \cdot \omega_1 = \frac{\mu_s |ds_i|}{\mu_\varphi |d\varphi_i|} \cdot \omega_1 = \frac{\mu_s}{\mu_\varphi} \operatorname{tg} \delta_i \omega_1 \quad (9)$$

мұнда: δ - элементарлық $d\varphi$ бөлшегінен өтетін сызыққа жанаманың немесе хорданың көлбеу бұрышы (8-ші сурет);

$|ds_i|, |d\varphi_i|$ - қозғалыспен бұрыштың модульдері, мм.

Сонымен **V** нүктенің қозғалыс жылдамдығы δ бұрышына пропорционалды, яғни $\operatorname{tg} \delta$. Осы 1-ші теңдеу графикалық дифференциалдаудың негізіне жатады. Жанана орнына хорданы әр абцисса бөлшектерінде өткізу жеңіл, сондықтан осы әдісті қолданайық.

Ол үшін $S_B = f(\varphi)$ графигінен төмен жаңа координат өстерін өткізейік, онда ордината бойынша жылдамдықты белгілейік, ал абциссада φ бұрышы айналшақтың A_i нүктелеріне сәйкес (сурет 8). Абциссаны сол жаққа созып K_1 нүктесін белгілейік (оны полюс деп атайды, ал H_1 – полюстік қашықтық 20...30 мм).



Сурет 8 – Графикалық дифференциалдау әдісі

Қозғалыс $S_B = f(\varphi)$ графигінде нүктелерді 0 және $1'$ хордамен қосайық. Енді K_I нүктесінен оған параллельді, демек δ_I бұрышымен, сызық өткіземіз. Ординатамен қыйылысқан $1''$ нүктеден горизонталь, ал абциссаның 0-1 бөлшегінің ортасына вертикаль өткіземіз. Олар қыйылысқан нүкте $1'''$, демек ординатаның мөлшері Z_1 жылдамдықты көрсетеді, яғни $OK_I 1'''$ үшбұрыштан:

$$\operatorname{tg} \delta_1 = \frac{O1'''}{OK} = \frac{z_1}{H}$$

осыны 9-ші теңдеуге қойсақ шығады:

$$V_B = \frac{\mu_s z_1}{\mu_\varphi H} \omega_1, \quad (9)$$

Параметрлер $\mu_s, \mu_\varphi, \omega_1$ және H тұрақты болғандықтан, қатынасамыз:

$$\mu_v = \frac{\mu_s \omega_1}{\mu_\varphi H}, \quad (10)$$

демек жылдамдық масштабы, сонымен,

$$V_B = \mu_v \cdot z_1.$$

Осылайша барлық абцисса бөлшектерінде (1-2, 2-3.....11-12) Z_i мәндерін табамыз, демек:

$$V_{Bi} = \mu_v \cdot z_{vi} \quad (11)$$

Табылған нүктелерді қалыпты қисықпен қосып жылдамдық графигін құрамыз $V_B = f(\varphi)$ (сурет 9)


Осы графиктен төмен хорда өткізу тәсілін қолданып үдеу графигін құрамыз $a_v = f(\varphi)$, мұнда үдеу масштабы:

$$\mu_a = \frac{\mu_v \omega_1}{\mu_\varphi H}, \quad (12)$$

ал үдеу:

$$a_{vi} = \mu_a \cdot |z_{ai}| \quad (13)$$

Полүстік қашықтық H мөлшері молайған сайын масштабтар μ_v және μ_a мөлшерлері азаяды, ал жылдамдық (үдеудің) ординаталары көбейеді. Сондықтан H мөлшерін аларда өткізетін хорданың тікелігін ескеру қажет. Әдетте оның мөлшері $H=20...40$ мм алынады.



Сурет 9 – Дифференциалдау әдісі бойынша жылдамдық және үдеу графигі

Жылдамдықтың графигі қозғалыстың дифференциалды қисығы және керісінше қозғалыс графигі жылдамдықтың интегралды қисығы. Осыдан, егер жылдамдық (үдеудің) графигі белгілі болса, одан графикті әдіспен интегралдап қозғалыс (жылдамдық) заңын шығаруға болады. Ордината бойынша масштабтары төменгі теңдеулермен табылады.

КОЗҒАЛЫСТЫҢ:
$$\mu_s = \frac{\mu_v \cdot \mu_\phi \cdot H}{\omega_1}, \quad (14)$$

ЖЫЛДАМДЫҚТЫҢ:
$$\mu_v = \frac{\mu_a \cdot \mu_\phi \cdot H}{\omega_1} \quad (15)$$

Тиек жүрісін анықтаймыз, м:

$$S_i = |z_{s_i}| \cdot \mu_s \quad (16)$$

мұнда $|z_{s_i}|$ графика ординат өсі бойынша өлшемі $s_B = f(\phi)$, мм.

Салынған графиктердің дұрыстығын тексеру үшін математикадан белгілі болжамдарды ескеру қажет, мәселен:

а) қозғалыс заңының S_{max} және S_{min} ординаталарына сәйкес нүктелердің жылдамдық мәндері нөлге тең болады;

б) қозғалыс графигінің қисықтық бағыты өзгеруі жылдамдықтың V_{max} және V_{min} ординаталарына сәйкес келеді.

$S_B = ?$	$\mu_s = \mu$	$S_{ei} = \mu_s \cdot z_{si} $
	$S_{e0,12} = \mu_s \cdot 0 = 0 \text{ мм}$	$S_{e6} =$
	$S_{e1} =$	$S_{e7} =$
	$S_{e2} =$	$S_{e8} =$
	$S_{e3} =$	$S_{e9} =$
	$S_{e4} =$	$S_{e10} =$
	$S_{e5} =$	$S_{e11} =$
		$S_{e12} =$
$V_B = ?$	$\mu_v = \frac{\mu_s \omega_1}{\mu_\varphi H}$	$V_{ei} = \mu_v \cdot z_{vi} $
	$V_{e0,12} = \mu_v \cdot \dots = \dots \text{ м/с}$	$V_{e6} =$
	$V_{e1} =$	$V_{e7} =$
	$V_{e2} =$	$V_{e8} =$
	$V_{e3} =$	$V_{e9} =$
	$V_{e4} =$	$V_{e10} =$
	$V_{e5} =$	$V_{e11} =$
		$V_{e12} =$
$a_B = ?$	$\mu_a = \frac{\mu_v \omega_1}{\mu_\varphi H}$	$a_{ei} = \mu_a \cdot z_{ai} $
	$a_{e0,12} = \mu_a \cdot 0 = 0 \text{ м/с}^2$	$a_{e6} =$
	$a_{e1} =$	$a_{e7} =$
	$a_{e2} =$	$a_{e8} =$
	$a_{e3} =$	$a_{e9} =$
	$a_{e4} =$	$a_{e10} =$
	$a_{e5} =$	$a_{e11} =$
		$a_{e12} =$

Осыдан шыққан мәндерді 5-ші кестеге толтыр.

3 Зертханалық құжаттар және құралдар

1. Механизмдердің үлгілері: қашау станоктың, теңселмелі конвейердің, тереңнен тартатын сорғыштың 2 түрі, ішінен тұтанатын қозғалғыш.

2. Миллиметрлі қағаз, сызғыш, бұрышты сызғыш, циркуль, қарандаш, калькулятор.

4 Жұмысты орындау тәртібі

1. Үлгілермен танысып, механизмдердің жұмыс істеу принциптерін талдаңдар.

2. Бір үлгіні таңдап алып, өлшеп оның кинематикалық сұлбасын салыңдар (масштабын белгілеп), кесте 3.

3. Тиектің қозғалыс S_i мәндерін кестеге келтіріп және диаграммасын құрыңдар.

4. Графикалық әдіспен дифференциалдап жылдамдық графигін $V = f(\varphi)$ және үдеу графигін $a=f(\varphi)$ құрыңдар.

5. Айналшақтың айналу жиілігін (n_1) белгілеп, тиектің жылдамдық және үдеу мәндерін 5-ші кестеге келтіріңдер.

6. Өзіндік жұмысты орындау үшін шарттар 6-ші кестеде берілген.

Орындалған жұмыстың шешімдерін осы 5-ші кестеге тиектің қозғалысы, жылдамдығы және үдеу мәндері толтыру керек.

Кесте 5 – Табылған мәндер

A(·) орындары	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Тиектің қозғалысы, S_B , м													
Жылдамдығы, V_B , м/с													
Тиектің үдеуі, a_B , м/с ²													

Орындалған жұмысқа есеп жасаңдар.

5. Бақылау сұрақтар

1. Механизмдер кинематикасында қандай мәселелер қаралады?
2. Жетектегі буындардың шеткі орындары қалай табылады?
3. Тиектің жүрісі деген не?
4. Тиектің қозғалыс диаграммасы қалай құрылады?
5. Тиектің жылдамдық және үдеу заңдары графигті әдіспен $V=f(\varphi)$ және $a=f(\varphi)$ қалай құрылады?

Кесте 6 – Тапсырманы орындау нұсқауларының өлшемдері

Нұсқалар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Айналшақ $l_{OA}; м$	0,11	0,13	0,15	0,17	0,19	0,21	0,23	0,25	0,27	0,29
Шатун $l_{AB}; м$	0,36	0,48	0,49	0,55	0,76	0,62	0,55	0,71	0,82	0,88
Айналшақтың жылдамдық бұрышы $\omega, с^{-1}$.	88	74	85	94	120	142	154	168	174	94
Нұсқалар	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
Айналшақ $l_{OA}; м$	0,31	0,41	0,51	0,61	0,71	0,32	0,42	0,52	0,62	0,72
Шатун $l_{AB}; м$	0,72	0,92	1,26	1,46	1,55	1,02	1,08	1,32	1,39	1,88
Айналшақтың жылдамдық бұрышы: $\omega, с^{-1}$.	11	24	35	410	241	357	364	209	144	199
Нұсқалар	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30
Айналшақ $l_{OA}; м$	0,22	0,26	0,30	0,34	0,38	0,42	0,44	0,48	0,53	0,57
Шатун $l_{AB}; м$	0,88	0,88	0,94	0,95	0,96	0,94	0,98	1,07	1,41	1,42
Айналшақтың жылдамдық бұрышы: $\omega, с^{-1}$.	64	84	95	74	81	121	145	164	194	241
Нұсқалар	31	32	33	34	35	36	37	38	39	40
Айналшақ $l_{OA}; м$	0,15	0,19	0,21	0,25	0,27	0,18	0,20	0,24	0,26	0,28
Шатун $l_{AB}; м$	0,4	0,41	0,58	0,58	0,58	0,66	0,64	0,65	0,68	0,74
Айналшақтың жылдамдық бұрышы: $\omega, с^{-1}$.	201	241	315	104	99	84	162	48	77	124
Нұсқалар	41	42	43	44	45	46	47	48	49	50
Айналшақ $l_{OA}; м$	0,32	0,34	0,38	0,42	0,43	0,11	0,12	0,16	0,17	0,55
Шатун $l_{AB}; м$	0,77	0,79	0,82	0,85	0,99	0,95	0,45	0,66	0,54	1,35
Айналшақтың жылдамдық бұрышы: $\omega, с^{-1}$.	147	258	369	123	456	324	156	159	157	138


Зертханалық жұмыс №3

Тақырып: Жазықты иінтректі механизмді графоаналитикалық әдіспен кинематикалық зерттеу

Жұмыс мақсаты: Графоаналитикалық әдісінің талдауын игеру (пландарын құру тәсілдері).

1 Механизмнің, буындарының нүктелерінің, жылдамдық планын құру

Мысал ретінде сабан тетіктерін нығыздағыш механизмін қарастырайық (сурет 10).



Сурет 10 – Сабан тетіктерін нығыздағыш механизмнің сұлбасы

Механизмнің құрылымдық параметрлері:

$l_{OA} = 0,11\text{м}; l_{AB} = 0,20\text{м}; l_{BC} = 0,16\text{м}; l_{AM} = 0,17\text{м}; l_{BM} = 0,28\text{м}; y = 0,15\text{м}; x = 0,09\text{м}.$ $\varphi = 120^\circ, n_1 = 60$ айн/мин.

Жетекші 1-ші буын белдікті берілістен бір қалыпты бұрышты жылдамдықпен ω_1 айналады.

Механизмнің параметрлерін сызбада салу үшін, жазықтық формуланы қолданамыз.

$$\mu_t = \frac{l_{OA}}{|l_{OA}|} \left(\frac{m}{mm} \right), \quad (17)$$

мұнда: l_{OA} - айналшақтың ұзындығы, м (тапсырма бойынша)

$|l_{OA}|$ - айналшақтың сызбада алынған ұзындығы, 20...40 мм.

$$|l_{AB}| = \frac{l_{AB}}{\mu_l}, \text{ мм.}$$

$$|l_{BC}| = \frac{l_{BC}}{\mu_l}, \text{ мм.}$$

$$|l_{AM}| = \frac{l_{AM}}{\mu_l}, \text{ мм.}$$

$$|l_{BM}| = \frac{l_{BM}}{\mu_l}, \text{ мм.}$$

$$|x| = \frac{x}{\mu_l}, \text{ мм.}$$

$$|y| = \frac{y}{\mu_l}, \text{ мм.}$$

Механизмнің еркіндік дәрежесін есептеп және структуралық құрылымын табамыз:

$$W=3n - 2P_5 - P_4 = 3 \cdot 3 - 2 \cdot 4 = 1.$$

$$I (0,1) \rightarrow II (2,3).$$

Қорытынды: механизм бір еркіндік дәрежелі II -ші класқа жатады, өйткені жетекші звеноға II-ші Ассур тобы қосылған.

Айнашақтың бұрыштық жылдамдығын табамыз, егер оның айналу жиілігі n_1 берілген болса.

$$\omega_1 = \frac{\pi \cdot n_1}{30}, \text{ с}^{-1}. \quad (18)$$

4. Айнашақтың A нүктесінің шеңберлік жылдамдығын табамыз:

$$V_A = \omega_1 \cdot l_{OA}, \text{ м/с.} \quad (19)$$

2-ші бұлғаққа жататын B нүктесінің жылдамдығын табу үшін векторлық теңдеу құрып анализдейміз, белгілерін қос сызықпен, белгісізін бір сызықпен белгілеп, астынан бағыттарын көрсетеміз.

$$\frac{V_B}{\perp BC} = \frac{V_A}{\perp OA} + \frac{V_{BA}}{\perp BA}, \quad (20)$$

мұнда: \perp -звеноға тік бұрышпен, \parallel -звеноға параллельді.

V_A және V_B – абсолюттік векторлар;

V_{BA} – салыстырмалы вектор, егер B нүктесі A нүктесі бойынша айналса.


Жылдамдық векторлардың масштабын аламыз:

$$\mu_V = \frac{V_A}{|V_A|} \left(\frac{m/c}{mm} \right) \quad (21)$$

Сызбадағы алынған ұзындығы 11-ші сурет $|V_a| = 50 \dots 100 \text{ мм}$.
Жылдамдық векторлардың масштабын аламыз:

$$|V_A| = \frac{V_A}{\mu_V} \quad (22)$$

5 Енді (3)- теңдеу бойынша айналшақтың φ_1 орнында болғандағы жылдамдық планын құрамыз μ_V масштабын ескереміз:



Сурет 11 – Жылдамдық планы φ

Осыдан:

$$V_B = |pb| \cdot \mu_v; \text{ м/с} \quad (23)$$

$$V_{BA} = |ab| \cdot \mu_v. \text{ м/с} \quad (24)$$

2 –ші буынның (бұлғақтың) бұрыштық жылдамдығы:

$$\omega_2 = \frac{V_{BA}}{l_{BA}}, \text{ с}^{-1} \quad (25)$$

Ойша V_{BA} векторын B нүктесіне келтірсек ω_2 бағыты сағат бойынша болады.

Бұлғақ тарағының M нүктесінің MA таяқшасының жылдамдығын табу үшін теңдеу құрамыз A -мен B нүктелері бойынша айналады деп, және талдауын жасаймыз:

$$\underline{\underline{V_B}} + \frac{V_{MB}}{\perp MB} = V_M = \underline{\underline{V_A}} + \frac{V_{MA}}{\perp MA} \quad (26)$$

Планда M нүктенің орны векторлар V_{MA} және V_{MB} қиылысқан жерден табылады, яғни Δavm ұқсас сұлбадағы ΔABM -ге. Үшбұрышпен айналғанда бағыттарымыз бір жаққа болу керек, сонда планда дұрыс салынады.

Осыдан белгісіз жылдамдықтар табамыз, 1-ші суреттен:

$$V_M = |pm| \cdot \mu_v, \text{ м/с} \quad (27)$$

$$V_{MB} = |mv| \cdot \mu_v, \text{ м/с} \quad (28)$$

$$V_{MA} = |ma| \cdot \mu_v, \text{ м/с} \quad (29)$$

және 3-ші буынның (күйентенің) бұрыштық жылдамдығы табылады:

$$\omega_3 = \frac{V_B}{l_{BC}}, \text{ с}^{-1} \quad (30)$$

V_B векторын B нүктесіне қолдана отырып, ω_3 бағытын— сағат тілімен табамыз.

2 Механизмнің буындар нүктелерінің үдеу планын құру

1 A нүктенің үдеуін және масштабын табамыз:

$$a_A = \omega_1^2 \cdot l_{OA}, \text{ м/с}^2 \quad (31)$$

үдеу жоспарының масштабы:

$$\mu_a = \frac{a_A}{|a_A|}, \frac{\text{м/с}^2}{\text{мм}}, \quad (32)$$

Сызбадағы алынған ұзындығы 2-ші сурет $|a_A| = 80 \dots 100$ мм. B нүктесінің үдеуін табуға теңдеу құрастырып анализдейміз:

$$\frac{a_{BC}^n}{\|BC} + \frac{a_{BC}^r}{\perp BC} = a_B = \frac{a_A}{\|OA} + \frac{a_{BA}^n}{\|BA} + \frac{a_{BA}^r}{\perp BA} \quad (33)$$

мұнда:

$$a_{BA}^n = \omega_2^2 \cdot l_{BA} ; m/c^2 \quad (34)$$


$$a_{BC}^n = \omega_3^2 \cdot l_{BC} ; m/c^2 \quad (35)$$

Осы (16) және (17) мәндерін мм ауыстырамыз, соларды үдеу планын құру кезінде қолданамыз:

$$|a_{BA}^n| = |an_2| = \frac{a_{BA}^n}{\mu_a} ; мм. \quad (36)$$

$$|a_{BC}^n| = |an_3| = \frac{a_{BC}^n}{\mu_a} ; мм. \quad (37)$$

Енді масштабпен белгілі мәндермен үдеу планын саламыз.



Сурет 12 – Үдеу планы

Осы мәндерді 12-ші сурет арқылы табамыз

$$a_{BA}^{\tau} = |n_2 b| \cdot \mu_a \quad (38)$$

$$a_{BC}^{\tau} = |n_3 b| \cdot \mu_a \quad (39)$$

$$a_{BA} = |ba| \cdot \mu_a \quad (40)$$

$$a_B = |\pi b| \cdot \mu_a \quad (41)$$

2-ші буынның бұрыштық үдеуі звеноның сағат бойынша бағытталған:

$$\varepsilon_2 = \frac{a_{BA}^{\tau}}{l_{BA}} c^{-2} \quad (42)$$

және сағат тілімен бағытталған.

3-ші буынның үдеуі сағатқа қарсы бағытталған:

$$\varepsilon_3 = \frac{a_{BC}^{\tau}}{l_{BC}} c^{-2} \quad (43)$$

және сағат тіліне қарсы бағытталған.

2 Үшбұрыштардың ΔABM және ΔaBm ұқсастықтарынан M нүктенін үдеуін табамыз:

$$\frac{|am|}{l_{AM}} = \frac{|bm|}{l_{BM}} = \frac{|ab|}{l_{AB}}, \quad (44)$$

осыдан:

$$|am| = \frac{|ab| \cdot l_{AM}}{l_{AB}}, \text{ мм}; \quad (45)$$

$$|bm| = \frac{|ab| \cdot l_{BM}}{l_{AB}}, \text{ мм}. \quad (46)$$

12-ші суретте, осы (45) және (46) мәндері арқылы циркуль көмегімен қиылысқан жерін m нүктесі табылады.

Циркульмен $|am|$ және $|bm|$ мөлшерлерімен доғалар өткізіп m нүктесін планда табамыз және полюс π -мен қосып M нүктесінің үдейін шығарамыз:

$$a_M = |\pi m| \cdot \mu_a \quad (47)$$

Сызғышпен өлшеп өлшемдерін сурет 12 және мына формулалар арқылы мәндерді табындар:

$$a_{MA}^{\tau} = |mn_a| \cdot \mu_a \quad (48)$$

$$a_{MA}^n = |an_a| \cdot \mu_a \quad (49)$$

$$a_{MA} = |ma| \cdot \mu_a \quad (50)$$

$$a_{MB}^{\tau} = |mn_b| \cdot \mu_a \quad (51)$$

$$a_{MB}^n = |bn_b| \cdot \mu_a \quad (52)$$

$$a_{MB} = |mb| \cdot \mu_a \quad (53)$$

3 Зертханалық жабдықтар және құралдар

1. Нығыздағыш механизмнің үлгісі.
2. Сызғыш, бұрышты сызғыш, рейшина, циркуль, қарындаш, қағаз, инженерлік калькулятор.

4 Жұмысты орындау тәртібі

1. Нығыздағыш үлгімен танысып, талдаңдар.
2. Берілген параметрлер бойынша механизмнің сұлбасын салыңдар.
3. Өздерің таңдап алған n_1 бойынша айналшақтың А нүктесінің төрт орнына сәйкес жылдамдық және үдеу пландарын салыңдар және нүктелерінің жылдамдықтарымен үдеулерінің мәндерін 7-ші кестеге толтырыңдар?

5 Бақылау сұрақтар

1. Жылдамдық және үдеу пландары қалай құрылады?
2. Пландардың масштабтары қалай алынады?
3. Шеңберлік, бұрыштық жылдамдықтары буындардың, нүктелерінің, бағыттары белгіленеді, солайша үдеулері қалай табылады?
4. Нормальді және тангенциальды үдеулердің мәнімен бағыттары қалай табылады?
5. Қандай жағдайда ұқсастық теорема қолданылады?

Кесте 7 – Осы параметрлер арқылы нұсқаларын тандап есеп жасаңдар

Нұсқалар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Кинематикалық тізбектің өлшем параметрлері	$l_{OA}=0,15\text{м}; l_{AB}=0,23\text{м};$ $l_{BC}=0,18\text{м}; l_{AM}=0,18\text{м};$ $l_{BM}=0,31\text{м}; y=0,14\text{м}; x=0,10\text{ м.}$					$l_{OA}=0,12\text{м}; l_{AB}=0,22\text{м};$ $l_{BC}=0,20\text{м}; l_{AM}=0,17\text{м};$ $l_{BM}=0,30\text{м}; y=0,16\text{м}; x=0,07\text{ м.}$				
Жетекші буынның қалыбы, φ_1 град	0	30	60	90	150	180	210	240	270	300
Айналшақтың айналу саны: n , айн/мин.	11	24	35	410	241	357	364	209	144	199
Нұсқалар	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
Кинематикалық тізбектің өлшем параметрлері	$l_{OA}=0,13\text{м}; l_{AB}=0,26\text{м};$ $l_{BC}=0,19\text{м}; l_{AM}=0,21\text{м};$ $l_{BM}=0,34\text{м}; y=0,16\text{м}; x=0,11\text{ м.}$					$l_{OA}=0,11\text{м}; l_{AB}=0,20\text{м};$ $l_{BC}=0,16\text{м}; l_{AM}=0,17\text{м};$ $l_{BM}=0,28\text{м}; y=0,15\text{м}; x=0,09\text{ м.}$				
Жетекші буынның қалыбы, φ_1 град	330	15	45	75	135	165	195	225	255	285
Айналшақтың айналу саны: n_1 , айн/мин.	88	74	85	94	120	142	154	168	174	94
Нұсқалар	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30
Кинематикалық тізбектің өлшем параметрлері	$l_{OA}=0,15\text{м}; l_{AB}=0,23\text{м};$ $l_{BC}=0,18\text{м}; l_{AM}=0,18\text{м};$ $l_{BM}=0,31\text{м}; y=0,14\text{м}; x=0,10\text{ м.}$					$l_{OA}=0,15\text{м}; l_{AB}=0,30\text{м};$ $l_{BC}=0,26\text{м}; l_{AM}=0,19\text{м};$ $l_{BM}=0,28\text{м}; y=0,15\text{м}; x=0,09\text{ м.}$				
Жетекші буынның қалыбы, φ_1 град	315	345	120	20	80	100	140	170	190	220
Айналшақтың айналу саны: n_1 , айн/мин.	200	212	212	415	621	312	102	61	54	85
Нұсқалар	31	32	33	34	35	36	37	38	39	40
Кинематикалық тізбектің өлшем параметрлері	$l_{OA}=0,11\text{м}; l_{AB}=0,20\text{м};$ $l_{BC}=0,16\text{м}; l_{AM}=0,17\text{м};$ $l_{BM}=0,28\text{м}; y=0,15\text{м}; x=0,09\text{ м.}$					$l_{OA}=0,12\text{м}; l_{AB}=0,22\text{м};$ $l_{BC}=0,20\text{м}; l_{AM}=0,17\text{м};$ $l_{BM}=0,30\text{м}; y=0,16\text{м}; x=0,07\text{ м.}$				
Жетекші буынның қалыбы, φ_1 град	330	15	45	75	135	165	195	225	255	285

Айналшақтың айналу саны: n_1 , айн /мин.	11	24	35	410	241	357	364	209	144	199
Нұсқалар	41	42	43	44	45	46	47	48	49	50
Кинематикалық тізбектің өлшем параметрлері	$l_{OA}=0,13\text{м}; l_{AB}=0,26\text{м};$ $l_{BC}=0,19\text{м}; l_{AM}=0,21\text{м};$ $l_{BM}=0,34\text{м}; y=0,16\text{м}; x=0,11\text{ м.}$					$l_{OA}=0,15\text{м}; l_{AB}=0,30\text{м};$ $l_{BC}=0,26\text{м}; l_{AM}=0,19\text{м};$ $l_{BM}=0,28\text{м}; y=0,15\text{м}; x=0,09\text{ м.}$				
Жетекші буынның қалыбы, φ_1 град	0	30	60	90	150	180	210	240	270	300
Айналшақтың айналу саны: n_1 , айн/мин.	54	65	84	98	74	215	312	114	164	234

Зертханалық жұмыс №4

Тақырып: Айналшақты – тиекті механизмді аналитикалық зерттеу


Жұмыс мақсаты: жазықты айналшақты-тиекті механизмнің тиегінің қозғалыс, жылдамдық және үдеу заңдарының теңдеулерін шығару.

1 Теориялық негіздері

$S=f(t)$, $V=f(t)$, $a=f(t)$ теңдеулерін жалпы түрде кез келген механизмге аналитикалық әдіспен шығаруға болады. Бірақ күрделі механизмдерге оларды шығару аса қиын. Оның үстіне табылған теңдеулер күрделі, шешуге ыңғайсыз болады. Сондықтан, дәлдегі кем болсада практикада көбінесе графикалық не графоналитикалық әдістер қолданылады.

$S=f(t)$, $V=f(t)$, $a=f(t)$ тәуелділіктерін кез-келген механизм үшін аналитикалық түрде алуға болады. Алайда, механизмдердің көпшілігі үшін аналитикалық тәуелділіктерді алу өте қиын. Сонымен қатар, алынған тәуелділіктердің өздері күрделі көрініске ие, бұл оларды тәжірибелік қолдануды қиындатады, бірақ аналитикалық зерттеудің графикалық - дәлдікке қарағанда айтарлықтай артықшылығы бар. Аналитикалық зерттеуді кез-келген дәлдікпен жүргізуге болады, ал графикалық құрылымдардың табиғи дәлсіздігімен байланысты қателер графикалық сипатқа ие. Сондықтан, ерекше дәлдік қажет болған жағдайда, оның күрделілігіне қарамастан аналитикалық зерттеуге жүгіну керек.

Суретте зерттелетін механизмнің сұлбасы көрсетілген.



Сурет 13 – Айналшақты-тиекті механизмді аналитикалық зерттеуге арналған сұлбасы

Дегенмен, қарапайым механизмді алып аналитикалық әдісті қолдануды қарастырайық. Мысал ретінде, 13-ші суретте айналшақты-тиекті механизм келтірілген, өз нұсқалары бойынша механизмнің сұлбасын салып көрсетіндер (үш жағдайда).

Тиектің қозғалысын белгілеуді ең жоғарғы Bo нүктеден бастайық (онда айналшақпен бұлғақ бір сызықта жатады), суреттен жүріс мөлшері:

Орталық иінді-жүгірткі механизмін аналитикалық зерттеу.

$$S_i = OB_0 - OK_i - K_i B_i; \quad (54)$$

мұнда:

$$OB_0 = r + l,$$

$$OK_i = r \cdot \cos \varphi,$$

$$K_i B_i = l \cdot \cos \beta,$$

Айналшақ $l_{OA} = r$; Шатун $l_{AB} = l$; осы ұзындыққа тең.

Яғни осы формаламен есептеп, шыққан мәнді тексеріп алындар:

$$S_i = r + l - r \cdot \cos \varphi - l \cdot \cos \beta = r \cdot (1 - \cos \varphi) + l \cdot (1 - \cos \beta). \quad (55)$$

Осы теңдеуден β бұрышын шығарайық, φ бұрышына ауыстырып:

$$AK = r \cdot \sin \varphi = l \cdot \sin \beta, \quad (56)$$

бұдан:

$$\sin \beta = \frac{r}{l} \sin \varphi,$$

және еске алсақ:

$$\cos^2 \beta + \sin^2 \beta = 1, \quad \cos \beta = \sqrt{1 - \sin^2 \beta},$$

немесе:

$$\cos \beta = \sqrt{1 - \left(\frac{r}{l} \sin \varphi \right)^2}.$$

Енді (1) теңдеуге қойып шығарамыз:

$$S = r \cdot (1 - \cos \varphi) + l \cdot \left(1 - \sqrt{1 - \left(\frac{r}{l} \sin \varphi \right)^2} \right). \quad (57)$$

Осы теңдеумен тиектің жүрісін дәп табуға болады айналшақтың φ орнына және бұындардың мөлшерлеріне байланысты.

Жиі қолданатын қатынастарды $\frac{r}{l} = \frac{1}{4} \dots \frac{1}{5}$ алсақ бином қатары қысқарады. Мәселен, қатыныс $\frac{r}{l} = \frac{1}{5}$ болса (3) теңдеудегі екінші бөлшегі тең болады.

Ал $\sin \varphi < 1$, содықтан бұл бөлшектің мәні бірден айырмашылығы 2 %-тен аз. Ал басқа бөлшектері (3-ші теңдеудің) одан аса кем. Сондықтан, 3-ші теңдеудің алдыңғы екі бөлшегін есепке алсақ жеткілікті, сонда 2-ші теңдеуіміз төменгідей болады:

Жақындатылған мәні осыған тең болады

$$S = r \cdot (1 - \cos \varphi) + \frac{1}{2} \cdot l \cdot \sin^2 \varphi$$

Белгілей $\lambda = \frac{r}{l}$ және шығарып r жақшаның сыртына, нақты аламыз

$$S = r \cdot (1 - \cos \varphi + \frac{1}{2} \cdot \lambda \cdot \sin^2 \varphi) \quad (58)$$

Айналшақтың бірқалыпты айналу кезінде, сонда $\varphi = \omega \cdot t$

$$S = r \cdot (1 - \cos \omega t + \frac{1}{2} \cdot \lambda \cdot \sin^2 \omega t). \quad (59)$$

Жылдамдықты анықтаймыз:

$$V = \frac{dS}{dt} = \omega \cdot r \cdot (\sin \omega t + \lambda \cdot \sin \omega t \cdot \cos \omega t). \quad (60)$$

Нақты жылдамдық

$$V = \omega \cdot r \cdot \left(\sin \omega t + \frac{1}{2} \cdot \lambda \cdot \sin 2\omega t \right), \quad (61)$$

Үдеуі

$$a = \frac{dV}{dt} = r \cdot \omega^2 (\cos \omega t + \lambda \cdot \cos 2\omega t). \quad (62)$$

2 Зертханалық құжаттар және құралдар

- 1 Брадис кестесі, инженерлік калькулятор, сызғыш, қарындаш, миллиметрлік қағаз, циркуль.
2. Жазықты иінтіректі механизмдердің үлгілері

3 Жұмысты орындау тәртібі

1. Теориялық негіздерін және формулаларын талдаңдар.
2. Айналшықты – тиекті механизмді 8-ші кесте бойынша параметрлерін таңдап алып және мөлшерлерін өлшеп жазып алыңдар, сызбаны масштаб коэффициенті бойынша $\mu_l = \frac{l_{OA}}{|l_{OA}|}$, $\frac{м}{мм}$ тауып және шатун ұзындығы осы формула арқылы $|l_{AB}| = \frac{l_{AB}}{\mu_l}$, мм анықталады.

3. Айналшақтың айналу жиілігін n_1 және r , l мөлшелерін өздерің белгілеп айналшақтың орнына сәйкес тиектің жүрісін, жылдамдығын, үдеуін (58-62) теңдеулернен есептеп кестеге түсіріңдер.

4. Кесте бойынша диаграммаларын бір бірінің астына құрыңдар, (жаппай).

5. Осы диаграммаларды графикалық әдіспен құрып үздік сызықпен аналитикалық әдіспен құрылған диаграммаларымен салыстырып жасаңдар.

6. Орындалған жұмысқа есеп жасаңдар.

4. Бақылау сұрақтар

1. Аналитикалық әдістің қандай сипаттамалары бар?
2. Тиектің қозғалу графигін құруға болады және қалай орындалады?
3. Қандай әдісте тиектің қозғалысы, жылдамдығы және удеуі дәлдікпен әділдікпен табылады, көрнекті көрінеді, оңай шешіледі?

Кесте 8 – Аналитикалық есептеудің қалыпты механизмнің тапсырмасының берілген есептеу

Нұсқалар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Айналшақ $l_{OA}, м$	0,08	0,1	0,12	0,14	0,16	0,18	0,2	0,25	0,28	0,05
Шатун $l_{AB}, м$	0,32	0,4	0,60	0,56	0,62	0,4	0,44	0,62	0,74	0,25
n , айн/мин.	23	28	32	38	42	47	53	65	76	20
Айналшақтың l_{OA} қалыбы φ_1 , град	0, 120, 180	30, 60, 150	30, 90, 210	60, 150, 240	60, 90, 300	90, 270, 300	180, 210, 240	120, 150, 330	0, 90, 210	0, 60, 330
Нұсқалар	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
Айналшақ $l_{OA}, м$	0,06	0,12	0,13	0,15	0,18	0,19	0,21	0,22	0,22	0,06
Шатун $l_{AB}, м$	0,33	0,44	0,63	0,59	0,67	0,44	0,48	0,66	0,84	0,29
n , айн/мин.	44	48	52	58	52	87	83	75	96	42
Айналшақтың l_{OA} қалыбы φ_1 , град	0, 180, 270	30, 120, 150	120, 150, 330	30, 150, 210	30, 60, 90	30, 120, 240	45, 90, 180	30, 150, 300	60, 90, 180	30, 150, 180
Нұсқалар	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30
Айналшақ $l_{OA}, м$	0,15	0,19	0,21	0,25	0,27	0,18	0,20	0,24	0,26	0,28
Шатун $l_{AB}, м$	0,4	0,41	0,58	0,58	0,58	0,66	0,64	0,65	0,68	0,74
n , айн/мин.	88	74	85	94	120	142	154	168	174	94
Айналшақтың l_{OA} қалыбы φ_1 , град	30, 150, 270	45, 120, 150	60, 150, 300	90, 120, 150	30, 120, 180	30, 180, 300	0, 150, 270	90, 120, 330	120, 150, 210	60, 150, 210
Нұсқалар	31	32	33	34	35	36	37	38	39	40
Айналшақ $l_{OA}, м$	0,32	0,34	0,38	0,42	0,43	0,11	0,12	0,16	0,17	0,55
Шатун $l_{AB}, м$	0,77	0,79	0,82	0,85	0,99	0,95	0,45	0,66	0,54	1,35
n , айн/мин.	64	84	95	74	81	121	145	164	194	241
Айналшақтың l_{OA} қалыбы φ_1 , град	60, 150, 330	0, 30, 210	120, 180, 210	120, 180, 240	60, 180, 240	60, 120, 330	30, 210, 240	30, 180, 240	150, 210, 270	60, 180, 240
Нұсқалар	41	42	43	44	45	46	47	48	49	50
Айналшақ $l_{OA}, м$	0,22	0,26	0,30	0,34	0,38	0,42	0,44	0,48	0,53	0,57
Шатун $l_{AB}, м$	0,88	0,88	0,94	0,95	0,96	0,94	0,98	1,07	1,41	1,42
n , айн/мин.	201	241	315	104	99	84	162	48	77	124
Айналшақтың l_{OA} қалыбы φ_1 , град	60, 90, 270	30, 240, 330	60, 150, 210	120, 240, 300	90, 210, 300	60, 180, 240	60, 120, 330	120, 180, 270	150, 240, 330	120, 240, 270

Зертханалық жұмыс №5

Тақырып: Иіктіректі механизмді жобалау (синтездеу)

Жұмыс мақсаты: Жазықты иіктіректі механизмдерді жобалау тәсілдерін үйрену (айналшақты – күйентелі механизм мысал ретінде).

1 Топсалы төрт буынды тізбектің қасиеттері


Қозғалмайтын ось бойынша жазықта толық айналым жасайтын буынды айналшақ, толық айналмайтынды – *күйенте*, ал тірекпен кинематикалық жұп жасамайтын буынды – *бұлғақ* деп атайды.

Айналшақтың бар болу шарттары келесі екі байланыспен шектеледі:

$$a \leq b \leq c \leq d \quad (63)$$

$$a + d \leq b + c \quad (64)$$

мұнда: a – ең қысқа буынның ұзындығы,
 d – ең ұзын буынның ұзындығы. (сурет 14)



Сурет 14 – Төрт буынды механизмнің B нүктесінің шеткі орындарын табу сұлбасы

Мұнда: $l_{OA}=a$; $l_{AB}=b$; $l_{BC}=c$; $l_{OC}=d$.

Сонымен $a < b < c < d$ шарты болса, онда ең кіші OA буыны толық айналым жасай алады және екінші (б) шартыда орындалса, демек, ең қысқа және ең ұзын буындардың қосындысы кем не тең болса қалған екі буынның қосындысынан. Мұнда OC буыны тірек ретінде алынып тұр (сурет 14). Осы жағдайларда тізбектен туындаған механизмді айналшақты – күйентелі механизм (АКМ) деп атайды, онда 1 – ші буын айналшақ, 2 – ші буын – бұлғақ, 3 – ші буын- күйенте және 4 – ші – тірек.

Күйентенің оң жақ шеткі орны CB'' доғалардың қиылысқан жерінен табылады. Біріншісі O нүктесінен радиусы $l_{OB''} = a + b$, екіншісі C нүктесінен радиусы $l_{B''C} = c$. Осылайша сол жақ шеткі орны CB' табылады, доғалардың

қиылысқан жері O нүктесінен радиусы $l_{OB'} = b - a$ және C нүктесінен радиусы $l_{B'C} = c$.

Тірек ретінде буын d -ның орнына басқа буындарды (a, b, c) алсақ, онда жаңа механизмдер туындайды, мәселен:

- тірек (с) буыны болса- екі күйентелі;
- тірек (b) буыны болса-айналшақты – күйентелі;
- тірек (a) буыны болса-екі айналшақты, яғни, барлығы төрт түрлі механизм.

Буындардың орындарын ауыстырсақ, онда қосымша екі механизм туындайды, демек барлығы $4 \cdot 3 = 12$ түрі.

а). Егер күйентенің бұрыш қарқыны ψ және ұзындығы l_{BC} берілген болса АКМ-ді жобалау (сурет 15) төменгі теңдеулер жүйесін шешуден басталады:

$$\begin{cases} OB'' = a + b \\ OB' = b - a \end{cases} \quad (65)$$


және қосымша шарттарды орындаудан:

$$\delta \leq \delta_{\max} \text{ немесе } \gamma \geq \gamma_{\min} = 90^\circ - \delta_{\max},$$

мұнда: δ – қысым бұрышы AB бұлғақпен V_B вектордың арасындағы;

γ – беріліс бұрышы бұлғақпен күйентенің арасындағы.

Айналшақтың айналу өсі, радиустары OB' және OB'' доғалардың қиылысқан O нүктесінде табылады.



Сурет 15 – Біріктірілген сызбаның сұлбасы

б). Егерде күйентенің шеткі орындары CB' , CB'' , оның ұзындығы l_{CB} және беріліс бұрышы γ_{\min} берілген болса, онда айналшақтың айналатын өсі 1-ші сызықта және одан жоғары жерлерде, немесе 2-ші сызықта және одан төмен жерлерде болуы мүмкін, өйткені бұл аудандарда $\gamma \geq \gamma_{\min}$ (сурет 15).

в) Егерде AB бұлғақтың үш орны, оның ұзындығы берілген болса, онда айналшақтың және күйентенің айналу осьтері хордалардың ортасынан өткізген тікбұрыш сызықтардың қиылысқан нүктелерінде болады (сурет 15).

г) Айналшак тұрақты айналғанда ($\omega_1 = \text{const}$) күйентенің оңмен сол жаққа тенселу уақыттары тең болмайды, өйткені (сурет 15):
оң жаққа қарай

$$t_n = \frac{180^\circ + \theta}{\omega_1}, \text{ сол жаққа қарай } t_o = \frac{180^\circ - \theta}{\omega_1}, \quad (66)$$

Осымен

$$t_n > t_o.$$

Осы уақыттардың қатынасы $\frac{t_n}{t_o}$ қозғалыстың (жүрістің) қалыпсыздық коэффициенті (еселігі) деп аталады немесе жетектегі буынның орташа жылдамдығының өзгерісі, демек:

$$\frac{t_n}{t_o} = k = \frac{180^\circ + \theta}{180^\circ - \theta} \quad (67)$$

осыдан θ бұрышы тең:

$$\theta = \frac{k-1}{k+1} 180^\circ \quad (68)$$

Сонымен, егер k еселігі берілсе онда АКМ механизмін жобалау үшін алдымен θ бұрышын тауып (63-ші теңдеумен) әрі қарай жоғарыда қарастырған әдістер қолданылады.

Еселік k -ның мағынасы ол жетектегі буынның ерікті жүрісі тезірек болуын көрсетеді жұмыс жүрісінен (мәселен, темір жонғыш станоктарда).

2 Зертханалық құралдармен құжаттар

1. Механизмдердің үлгілері 1-ші Зертханалық жұмыста келтірілген.
2. Сызғыш, бұрышты сызғыш, циркуль, транспортир, қарындаш, калькулятор, қағаз (миллиметровкалы).

3 Жұмыс орындау тәртібі

1. Теорияның негіздерін талдаңдар.
2. Төрт буынды тізбегі бар механизмді таңдап алыңдар.
